

Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы ЕСЕП

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті жанындағы 8D015 - Жаратылыстану пәндері бойынша педогогтарды даярлау (6D011000/8D01503- Физика) бағыты бойынша Диссертациялық кеңес

1.Өткізілген отырыстар саны туралы деректер.

Диссертациялық кеңесте 2025 жылы 2 (екі) отырыс өткізілді (05.06.2025ж.-31.12.2025ж.).

**- диссертациялық кеңестің бірінші отырысы 21.11.2025 жылы,
№1 хаттама.**

Паттаев Амин Магаматшариповичты 8D015 - Жаратылыстану пәндері бойынша педогогтарды даярлау (6D011000/8D01503- Физика) бағыты бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін диссертациясын қорғауға қабылдау туралы кеңестің отырысына диссертациялық кеңестің 4 (төрт) тұрақты мүшесі (100%) қатысты. Отырыс онлайн режимде өтті.

Отырыста диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері бекіту, Паттаев Амин Магаматшариповичтың докторлық диссертациялық жұмысына қорғау жөніндегі ресми рецензенттер тағайындау және қорғау күнін белгілеу туралы шешім қабылданды.

**- диссертациялық кеңестің екінші отырысы 26.12.2025 жылы,
№2 хаттама.**

Паттаев Амин Магаматшариповичтың докторлық диссертациялық жұмысын қорғау бойынша (Астана уақыты бойынша 11.00) отырысқа диссертациялық кеңестің 4 (төрт) тұрақты және 3 (үш) уақытша мүшесі (100%) қатысты. Шетелдік ғалым диссертациялық кеңестің уақытша мүшесі ретінде отырысқа бейнеконференция режимінде қатысты.

Сондай-ақ, ресми рецензенттер Нуркасымова Сауле Нуркасымовна (офлайн) және Жанатбекова Назым Жанатбекқызы (офлайн) қатысты. Отырыс аралас режимде өтті. Барлығы 9 (тоғыз) адам қатысты (100%).

2.Отырыстардың жартысынан азына қатысқан диссертациялық кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса).

Диссертациялық кеңес отырыстарына жартысынан азына қатысқан кеңес мүшелері - жоқ.

3.ЖЖОКБҰ көрсетілген докторанттар тізімі.

1) Паттаев Амин Магаматшарипович, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті;

4. Мынадай бөлімдерді қамти отырып, есепті жылдың ішінде кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:

Паттаев Амин Магаматшариповичтің диссертациясы бойынша:

1) қаралған жұмыстардың тақырыптарын талдау;

Диссертация тақырыбы: «STEM білім беру жағдайында болашақ физика мамандарына «Баламалы энергия көздері» курсын оқытудың әдістемелік ерекшеліктері»

Мамандық: 6D011000 - Физика

Ғылыми кеңесшілері: Физика - математика ғылымдарының докторы, доцент Турмамбеков Т.А., PhD, доцент Раманкулов Ш.Ж., PhD, профессор Чорух А.

Қорғау 2025 жылдың 26 желтоқсанында өтті.

Докторант төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алған:

- STEM білім беру жағдайында «Баламалы энергия көздері» курсын оқыту арқылы болашақ физика мамандарын зерттеушілік іс-әрекетке дайындаудың ерекшеліктері алғаш рет теориялық және практикалық тұрғыда жүйелі түрде сипатталған;

- «Баламалы энергия көздері» курсын STEM тәсілдерімен оқытудың толыққанды әдістемелік жүйесі жасалып, оның құрылымдық компоненттері, мазмұны және іске асыру тетіктері жаңаша ұсынылған;

- «Баламалы энергия көздері» курсына негізделген STEM өнімдер, оқу-зерттеу тапсырмалары мен жобаларды қолданудың ғылыми негізделген әдістемесі әзірленіп, дәстүрлі оқыту құралдарын толықтыратын жаңа практикалық ресурстар жасалған;

- Әзірленген әдістеменің тиімділігі педагогикалық эксперимент арқылы дәлелденіп, STEM-интеграцияланған оқытудың баламалы энергия курсы бойынша зерттеушілік іс-әрекетті дамытуға нақты әсері ғылыми түрде көрсетілген.

2) диссертация тақырыбының "Ғылым және технологиялық саясат туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия айқындаған ғылымды дамытудың басым бағыттарымен және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы;

Диссертацияның тақырыбы Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында, Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында, «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің бұйрығында және Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауында көрсетілген міндеттермен байланысты. Сонымен қатар, диссертация тақырыбы ҚР ҒЖБМ ҒК тарапынан 2024–2026 жылдарға арналған гранттық қаржыландыру шеңберінде Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінде орындалып жатқан ЖТН «AP23488947 Күн энергетикасы саласында STEM жобаларды іске асыру негізінде студенттердің зерттеушілік және инженерлік іс-әрекеттерін дамыту» жобасының бағытымен сәйкес келеді.

3) диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке ену деңгейін талдау.

Диссертацияның практикалық маңызы жоғары және алынған нәтижелерді білім беру практикасына енгізу мүмкіндігі де өте жоғары. Зерттеу нәтижесінде әзірленген оқу құралы болашақ физика мамандарының шығармашылық және зерттеушілік дағдыларын дамытуға тікелей бағытталған, әрі «Баламалы энергия көздері» курсы бойынша теорияны тәжірибемен тиімді ұштастыруға мүмкіндік береді. Патенттелген «Күн энергиясын электр энергиясына түрлендіргіштердің физикалық сипаттамаларын зерттеуге арналған оқу-ғылыми стенд» (патент № 9616) және күн мен жел энергиясына арналған оқу-зерттеу өнімдері баламалы энергияны оқытуда нақты практикалық құрал ретінде қолдануға жол ашып, тәжірибелік дайындықты айтарлықтай жақсартады. Зерттеу нәтижелерін физика білім беру бағдарламаларының басқа да пәндерінде, болашақ физика мамандары мен мұғалімдерін даярлауда қолдануға болады.

5. Ресми рецензенттердің жұмысын талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).

Ресми рецензенттерді тағайындау барысында, ресми рецензенттердің, ғылыми кеңесшілердің бір-біріне тәуелсіз ұстанымдары басшылыққа алынды. Ресми рецензенттердің ұсынылған шолулары диссертациялық кеңес туралы Үлгілік ереженің және «Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті» диссертациялық кеңес ережесі талаптарына сәйкес келеді және барлық қажетті тармақтарды талдауды қамтиды. Рецензенттердің пікірлерінде диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы, ғылымға маңыздылығы, өзі жазу принципі, ішкі бірлік принципі, ғылыми жаңашылдық принципі, негізгі қорытындылардың негізділігі, қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар, дәйектілік принципі, дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі, практикалық құндылық принципі, жазу мен рәсімдеу сапасы, диссертацияға ескертулер берілді, докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі сипатталды және ресми рецензенттің шешімі жасалды. Жасалған ескертулер мен ұсынымдар зерттеудің жалпы ғылыми-теориялық мазмұны мен практикалық нәтижелеріне әсер етпейді. Диссертация бойынша теріс пікірлер жоқ.

Паттаев Амин Магаматшариповичтің диссертациясы бойынша рецензенттер:

1) *Нуркасымова Сауле Нуркасымовна* - педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті КЕАҚ, Астана қ., Қазақстан Республикасы (мамандық шифры: 13.00.02, h – index-3).

2) *Жанатбекова Назым Жанатбекқызы* – педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Илияс Жансүгіров

атындағы Жетісу университеті» КЕАҚ, Талдықорған қ., Қазақстан Республикасы (мамандық шифры: 13.00.01, h – index-3).

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.

Диссертациялық кеңестердің жұмыстарында ғылыми кадрларды даярлау жүйесін жетілдіру мақсатында төмендегідей ұсыныстар беріледі:

- диссертацияларды қорғауға жіберетін жоғары оқу орындары, бітіруші кафедралар диссертацияны қорғауға ұсыну барысында зерттеу жұмысының сапасы мен құжаттардың қолданыстағы нормативтік талаптарға сәйкестігін қатаң бақылауға алу қажет;
- ғылыми кеңесшілер мен докторанттардың диссертацияны қорғауға дайындау үдерісіндегі жеке жауапкершілігін күшейту қажет;
- диссертациялық жұмыстардың ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығын бағалау критерийлерін жетілдіру, жарияланымдарға қойылатын талаптарды зерттеу бағытының ерекшеліктеріне сәйкес саралау қажет.

7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға арналған диссертациялардың кадрларды даярлау бағыты бөлінісіндегі саны:

- 1) қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының) – 1/0;
- 2) караудан алып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының) – 0/0;
- 3) ресми рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының) – 0/0;
- 4) қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының) – 0/0;
- 5) пысықтауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының) – 0/0;
- 6) қайта қорғауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының) – 0/0;

Диссертациялық кеңестің төрағасы

Диссертациялық кеңестің ғылым хатшысы



Ә.Х. Сарыбаева

И.Б. Усембаева

« 31 » 12. 2025 ж.